

Махан Г.

Ақыл-ойдың ағасы/ Г.Махан // Жастар әлемі. - 2005.- 21 наурыз.

Жақында Қазақстанның еңбексінірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты А. Жұмабековтың «Үш таған» атты өрісі кең асыл ұландар - Евней Бөкетов, Н. Жантурин, Ж. Омаров жайлы сыр шерткен деректі хикаяты жарық көреді. «Театр адамдарды шуыстыратын творчестволық семья» демекші, осынау өнер ордасында ұстаз тұтқан ағалар туралы жазған естелік кітабым оқырман көңілінен жол табар деген үмітім бар», - дейді көрерменін ойлаптып, жылата-күлдіріп, өмір насихатшысына айналған осынау зор өнер айдынын талантымен табындырып жүрген актер ағамыз. Евней Бөкетовтің бізге беймәлім өнегелі қырлары қаншама. Біз төменде Кеңес Жұмабековтің Евней Арыстанұлымен әңгімелесіп, ақыл-кеңесіп, ғибратын тыңдаған бақытты сәттерін сағына еске алған ой толғамын беріп отырмыз:

- Әдеби-мәдени ортаның кемелденген 70-80 жылдарында ғылым саласындағы шұрайлы жетістіктеріне қанағат тұтып ғана қоймай, әдебиет саласында да қарымды еңбек етіп, терең дүниелерді қазақ әдебиетінің алтын қорына қосқан, ғылым мен әдебиеттің қос делебесін қатар ұстап, болашағына рухани мол қазына қалдырған ұлтымыздың мақтаныштарының бірі- Евней Бөкетов бейнесі қашанда асқақ. Алғаш бұл кісінің есімін 1968 жылы Алматыдағы М. Әуезов атындағы Академиялық қазақ драма театры жанындағы театр студиясын бітіріп, жолдамамен Қарағанды облыстық С. Сейфуллин атындағы қазақ драма театрына актер болып келгенде естідім. Театрдың жаңа маусымы ашылып, Ш. Айтматовтың «Алғашқы мұғалім» спектаклінің премьерасын ойнап, мәре-сәре болып бір-бірімізді құттықтап жатқанда Қ. Сатаев аға:

- Тез киін де жазушы Амантай Сатаев ағаңмен фойеге шық. Өткенде айтқан академик Евней Бөкетов аға келіп тұр, - деді. Мен гримді сүрте, алып-ұшып сыртқа шықтым. Бес-алты адамның ортасынан менің жанарым еңселі, аса паң, шалқасынан кайырған қара шашы, адамға мейір төге қарайтын қара көзі мен мұңдалаған кісіні «Евней аға осы шығар-ау» деп топшылап, көпшілікпен амандастым. Жаңағы бейтаныс жан:

- Айтматовтың философиясын шашыратпай, жас шағы мен кәрі кезеңін әдемі қабыстырған екенсіңдер. Есейген шағындағы бейнесін сомдаған ойындарын (Алтынай рөліндегі А. Абылаеваны қоса айтып отыр) нағыз спектакльдің шарықтау шегіне жеткен екен, көңілім босап кетті, - деп ризашылығын білдіріп, кетуге ыңғайланғанда Қарекен:

- Аға, мына азамат Кеңес есімді жігіт. Биыл Алматыдан оқуын тәмамдап, біздің мәдени ошаққа келген өнерлі жас актер.

- Жаңағы пионер гой. Жақсы ойнадың, қадамың құтты болсын, - дегенде ұсынған қолын шап беріп ұстаған менің кішкентай алақаным ыстық аяулы мейірімнен нәр алғандай, толқып кеттім. Сол аялы ыстық алақанның нәрі осы күнге шейін мені алға жетелеп келеді.

Атақ-дәрежесі, жұмысы зор бола тұра өте қарапайым, кішіпейіл жан еді ғой. Евней Арыстанұлы театрдың бағыт-бағдарын, деңгейін, қоғаммен байланысын сараптап өзіндік пікір білдіретінді. Яғни біздер үшін ол кісі - театр айнасы іспеттестін. М. Кәрімнің «Ай тұтылған түн» трагедиясындағы жастардың талантына риза болғанда толқып, толғана сөйлегені, А. Островскийдің «Найзағай» драмасынан кейінгі, Добролюбовтың «Луч света в темном царстве» деген мақаласын өз ойымен сабақтастыра, спектакльдің құлды жақтарын тілге тиек ете, мұндай спектакльдердің актерлерге сабақ екендігін үлкен тебіреніспен сәттілік тілей сөйлегені әлі көз алдымда тұрғандай...

1975 жылы Қ. Бекхожиннің «Ұлан асу» тарихи драмасы ең алғаш біздің театрда қойылды... Үшінші қабаттағы Жақып Омаровтың кабинетінде әңгімелесіп отырған Евней аға Рамазан екеумізді көрген сәтте:

- О, батырлар, келіп калдыңдар ма? Жарайсыңдар, өте сәтті шыққан спектакль. Қай жерде болсын ұялмай көрсетерлік қойылым,- деп қолымызды алып, арқамыздан қаққан еді.

Ағамыз Рамазанның әніне ғашықтың. Отырыстарда Рамазанға Б. Тәжібаевтың «Ақбұлақ», Естайдың «Қоштасуын», Иман Жүсіптің әндерін салдырып, тамсана тыңдайтынды. Жүрегі өнер деп соққан ғалым ағамыз:

- Әнінді сағындық, Рамазан. Жұмысбастылықпен кездесе алмай жүр едік. Сенің әнінді тыңдаудың сәті бүгін түскендей. Домбыраң бар болса? - дегенде, ән десе қамшы салдырмайтын Рамазан: «айтсаңыз табылады», - деп домбырасын алып келуге кетті. Ал Евней аға күлімдеген таза, мөлдір көз жанарын маған тігіп: «Өзің өмірде де томашадай топ-томпақ екенсің ғой», - деді. Мен томашаның құс екендігін, рөлдің маған берілуінің сыры да осы кішкентайлығымда жатса керек деп әзілге әзіл қоса, өз білгенімді топшылап айтқандай болдым.

- Бәрекелді! Біледі екенсін. ...Тоқсан атты би Избасты биге: «Тоқсан би келеді, Тоқсан би келеді дегенге таудай дәу келеді десем, томашадай-ақ екен ғой», - деп мысқылдап күлгенде, терісіне сыймай ашумен келген Тоқсан би жұлып алғандай: «Томаша тоғыз жұмыртқалайды, біреуі ғана бұлбұл болады. Өрмекші сегіз жұмыртқалайды, біреуі ғана бүйі болады екен. Томаша болсам бұлбұлы, өрмекші болсам бүйісі шығармын! Бұлбұлдай сайрап таңдай қаққызып кетермін, не бүйедей шағып, сеспей қатырармын», - деген екен. Адуынды бидің асу бермес ашуын көрген Избасты би жұртына: «Екпіні тым қатты екеп, кінә бізден. Бықсығымызды өрттей қаулатып алмай дегеніне көніп, айдағанына жүріндер», - деп айып-пұлын төлеп, кінәсін мойындаған ол құрметті қонағындай сыйлап, Томаша биді шығарып салған екен деседі. Міне, томаша туралы саған қосымша мағлұмат. Сахнада Абылайханның сенімді серігі Томашаның ұшқырлығын, албырттығын, шапшаң әрекетін өте жақсы сомдадың. Риза болған соң біле жүрсін деген ниетпен айтып отырмын», - деп ауыз әдебиетінің шешендік сөздер мен аңыздарынан да көп хабары барлығын аңғартқанын. Домбырасын ұстай келген Рамазанға: «Естайдың әнін тыңдайтын кез келді», - деген тілегін білдірді. Әннің қадірін түсіне, бағалайтын осындай алып тұлғалар өтінгенде бұрынғысынан да түлей

түсіп, сай-сүйекті шымырлата мұнды әуезге жүрек сөзімін қоса әуелете шырқаған Рамазан әнін аяқтағанда Жақаң: «Қайран Естай! Әуен мен сөздің інжу-маржаны емес пе?!»- дегенің. Сол сәтте «Сырлы әуезді сол қалпында жеткізген Рамазанның әншілігін айтсаңшы!»- деп рахаттана серпіліп, ризашылығын білдірген еді-ау, әз аға.

Buketov university